

"Достық" мейманханасы" акционерлік қоғамының қызметін реформалау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1885

"Достық" мейманханасы" акционерлік қоғамының қызметін реформалау, шет елдерден инвестициялардың түсуін қамтамасыз ету, әлемдік стандарттар деңгейінде клиенттерге қызмет көрсету мен басқаруды ұйымдастыру, сондай-ақ республикалық бюджетке қаржы түсімдерін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының "Достық" мейманханасы" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетінің 55 процентін "К.Ү.С. Лимитед" (Лихтенштейн) компаниясына сату туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі комитеті "Достық" мейманханасы" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетінің 55 процентін, соның ішінде 1996 жылдың қаңтарында - 20 процентін, ақпанында - 20 процентін, наурызында - 15 процентін "К.Ү.С. Лимитед" компаниясына сатуды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі